

**"Аудан бойынша аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі жөніндегі Қағидасын бекіту туралы" аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 05 наурыздағы кезектен тыс ХХІ сессиясының N 232 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2010 жылғы 19 қазандағы N 266 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Сырдария ауданының әділет басқармасында 2010 жылы 15 қарашада N 10-8-133 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2011 жылғы 15 шілдедегі N 330 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2011.07.15 N 330 шешімімен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын және Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып және Қызылорда облысы Әділет департаментінің 2010 жылғы 15 қыркүйектегі N 26746 санды Ұсынысының негізінде аудандық мәслихат **ШЕШЕМІЗ:**

1. "Аудан бойынша аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі жөніндегі Қағидасын бекіту туралы" аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 05 наурыздағы N 232 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік Тіркеу тізілімінде 2010 жылғы 01 сәуірде мемлекеттік тіркеу N 10-8-114, 2010 жылғы 07 сәуірде "Тіршілік тынысы" газетінің N 27 санында жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Қағиданың 13-тармағындағы "хабардар етуге тиіс" деген сөздер алынып тасталып, "хабарланады" деп оқылсын.

2. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Аудандық мәслихаттың кезекті</i>	
<i>XXVI сессиясының төрағасы</i>	<i>Ғ. Үдербаев</i>
<i>Аудандық мәслихаттың хатшысы</i>	<i>А. Атақаев</i>